

Астана қаласында 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифтерін бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 158-5066 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексі 142-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласында 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифтері:

1) мемлекеттік мекемелер бойынша күніне бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес;

2) үкіметтік емес сектор арналған күніне бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Мейрханға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 158-5066 қаулысына
1-қосымша

Мемлекеттік мекемелер бойынша күніне бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифі

P/c №	Ұйымның түрі	Күніне бір адамға тариф (теңге)
1.	Психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған стационар (100 адамға)	20 063
2.	Қарттарға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған стационар	12 973
3.	Үш жастан он сегіз жасқа дейін психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балалардың тұруына арналған стационар	28 157
4.	Психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған стационар (370 адамға)	12 396
5.	Жартылай стационар: психоневрологиялық патологиясы бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейін мүгедектігі бар балаларға арналған, психоневрологиялық аурулары бары 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға арналған	17 276
6.	Тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған	7 196
7.	Тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған (тұрмыстық зорлық-зомбылық)	7 347
8.	Үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған: психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектігі бар балаларға; тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға;	3 507

	психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға	
9.	Үйде қызметтер көрсету жағдайында қарттарға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған	2 719

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 158-5066 қаулысына
2-қосымша

Үкіметтік емес секторларға арналған күніне бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифі

Р/с №	Ұйымның түрі	Күніне бір адамға тариф (теңге)
1.	Жартылай стационар: психоневрологиялық патологиясы бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейін мүгедектігі бар балаларға арналған, психоневрологиялық аурулары бары 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға арналған тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға;	9 918
2.	Тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған	7 705
3.	Үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған: психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектігі бар балаларға; тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға; психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға	4 997